

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы білім бөлімі бойынша Майлан ауылының Б.Жахин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылындағы жұмыстарына өзін-өзі бағалау өлшемшарттары бойынша

АНЫҚТАМА

- 1. Білім беру ұйымының толық атауы:** «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы білім бөлімі бойынша Майлан ауылының Б.Жахин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
- 2. Білім беру ұйымының орналасқан жері:** Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Майлан ауылы, Киселев көшесі 20
- 3. Заңды тұлғаның байланыс деректері:** тел: 87163333525 эл.почта: mektepmailan@mail.kz// novomarkovka@list.ru
- 4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:** Тлеулесова Динара Кайырбековна лауазымға тағайындау туралы «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 09.08.2023ж. күнгі № 36-9 бұйрығы, 01.03.2024 №22 қайта тағайындау туралы бұйрығы.
- 5. Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары:**
 - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Ақмола облысының әділет департаменті заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеуі жүргізілді. 2024 жыл 26 ақпан БСН 66034000036 Ақмола облысы әкімдігінің 2024 жылғы 19.01. №А-1/27 қаулысымен бекітілген «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы білім бөлімі бойынша Майлан ауылының Б.Жахин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы.
 - Ақмола облысының әділет департаменті заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеуі туралы анықтама 2024 жыл 26 ақпан. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні: 1997 жыл 7 тамыз
- 6. Рұқсат беру құжаттары:** «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесімен берілген 06.11.2014ж. күнгі №KZ 23LAA00003570 білім беру қызметіне лицензия
- 7. «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы білім бөлімі бойынша Майлан ауылының Б.Жахин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – білім алушылардың бейімділігі мен**

қабілетіне сәйкес бағыттар бойынша бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мекемесі. Мектепте үздіксіз білім беруді қамтамасыз етудегі негізгі буын болып табылады және мектеп жасындағы балалардың мемлекеттік стандарт негізінде оқыту арқылы оқушы қабілетін жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді. Мектеп өз жұмысын жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының Конституциясына, ҚР «Білім туралы» Заңына, ҚР құқықтық- нормативтік актілеріне, жергілікті басқару органдарының құқықтық аткілеріне, мектеп, Құрылтайшы арасындағы келісім-шартқа, мектеп жарғысына сүйенеді.

Мектептің жобалық қуаттылығы-445 орын

Оқу кабинеттер саны: 34 кабинет, оның ішінде бастауыш сыныпқа арналғаны- 4 кабинет, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен – 3 кабинет, орыс тілі мен әдебиеті пәнінен- 1 кабинет, орыс тілі мен әдебиеті пәні қазақ сыныбы- 1 кабинет, ағылшын тілі пәнінен- 2 кабинет, математика пәнінен- 3 кабинет, физика пәнінен- 1 кабинет, химия пәнінен- 1 кабинет, биология пәнінен- 1 кабинет, тарих пәнінен- 2 кабинет, география пәнінен- 1 кабинет, информатика пәнінен- 1 кабинет, АӘТД пәнінен- 1 кабинет, шеберхана- 1 кабинет, спорт зал-1, күрес залы – 1 кабинет, мектепалды – 1 кабинет, медициналық -1 кабинет, педагог- психолог -1 кабинет, оқу ісінің меңгеруші-1 кабинет, тәрбие ісінің меңгеруші-1, директор қабылдау бөлмесі – 1 кабинет, мәжіліс залы – 60 орындық, мектеп асханасы – 45 орындық.

2023/2024 оқу жылы ұжым жұмысының мақсаты

Білім алушыларға сапалы білім беруге тиімді жағдай жасау және өзін өзі дамытуға, тәрбиелеуге, көрсетуге және тануға қабілетті рухани бай, физикалық және адамгершілік тұрғыдан дені сау, әлеуметтік белсенді тұлғаны тәрбиелеу.

Негізгі міндеттері

1. МЖМБС талаптарына сәйкес даму режимінде мектеп жұмысын жүзеге асыру.
2. Аттестаттаудың жаңа талаптарына, оқу-әдістемелік сүйемелдеу мен қаржылай ынталандырудың өзгертілген шарттарына сәйкес мұғалімдерді мансаптық өсуге ынталандыру.
3. Жаңғыртудың алғашқы жылдарының рефлексиясы мен білім беру қызметі нәтижесінің функционалдық сауаттылық пен өз бетімен оқу қабілеттерінің жаңа сапасы өлшемшарттарына сәйкестігі. Білім беру мазмұнын меңгеруге практикалық көмек көрсету.

4. Оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметін жалғастыру және болашақта аудандық әрі республикалық деңгейге шығару үшін жетілдіру.
5. Мектептің оқу-материалдық базасын күшейту, кабинеттерді безендіру, оқу-әдістемелік аймақты жүйелеу бойынша жұмысты жалғастыру.
6. Оқудың барлық сатысында білім алушылардың білім алу сапасына мониторинг жүргізу жүйесін жетілдіру.
7. Жаратылыстану-математика циклі пәндерін оқыту сапасын бақылауды күшейту.
8. Пән мұғалімдері дарынды балалармен жұмысты ойластырып, іске кірісуі тиіс.
9. 9–11 сынып оқушыларымен кәсіптік бағдарлау жұмысын іске қосу.
10. Мектеп педагогтерінің озық педагогикалық тәжірибесі мен инновациялық жобаларын бұқаралық ақпарат құралдарына жариялап тұру.
11. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтарды енгізу.
12. Мектеп сайты мен БАҚ-та шығармашыл ұстаздар тәжірибесімен белсенді түрде бөлісу.
13. Заманауи педагогикалық жаңашылдықтарды ескере отырып, ата-аналарды жаппай оқыту форматында ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағарту жүйесін дамыту. «Ата-аналарды қолдау» орталығының жұмысын жүргізу.

Тәрбиелік міндеттері:

- тәрбие жүйесін дамыту;
- жалпымектептік оқушылар ұжымының қалыптасуы;
- өзіндік басқаруды дамыту;
- отбасы мен қоғамда саналы өмір сүруге дайындықты қалыптастыру;
- отбасы, мектеп, қоғам ынтымақтастығын қамтамасыз ету;
- рухани, психикалық және физикалық денсаулықты сақтау;
- педагогикалық ұжымның балаларды тәрбиелеу саласындағы ғылыми-теориялық деңгейін көтеру жұмысын жалғастыру;
- тәрбие қызметінің басым бағыттары бойынша жұмысты жалғастыру;
- сынып жетекшілері ӘБ-тің жұмыс деңгейін көтеру;
- оқушылардың денсаулығын сақтау жұмысының жүйесін жетілдіру

- білім беру және тәрбие процесіне денсаулық сақтау технологияларын енгізу;
- бағдарламаны іске асыру жоспары арқылы педагогтер мен оқушылардың маңызды құндылық ретінде денсаулығы мен саламатты өмір салтына деген саналы көзқарасын тәрбиелеу;
- оқушылардың рухани мәдениетті, азаматтық ұстанымды қалыптастыруға, дүниетанымды кеңейтуге, интеллектуалды дамуға бағытталған сабақтан тыс қызметін дамыту (конкурстар, конференциялар, диспуттар, фестивальдар);
- ата-аналармен және қоғаммен жұмыс жүйесін жетілдіру;
- оқушылардың сабаққа қатысуын бақылауды күшейту, мектеп формасын киюге қойылатын талапты күшейту;
- кәмелетке толмағандар мен олардың ата-аналарының есірткілік және психотроптық заттарды сақтағаны, таратқаны және қолданғаны үшін жауапкершілікке қатысты құқықтық білім деңгейін көтеру.

Белгіленген мақсатқа жету үшін мына міндеттер шешімін тапты:

- Педагогикалық ұжымның шығармашылық жұмысына ұйымдық-әдістемелік жағдай жасау.
- Оқушылардың шығармашылық қызметіне деген алуан түрлі, әр деңгейлі вариативтік көзқарас үйлескен пәндерді оқытудың аса тиімді технологияларын қалыптастыру.
- Мұғалімнің жоспарлау жұмысын түзету үшін оқушылар қызметіне мониторинг жүргізуді қолдану.
- Аса маңызды педагогикалық нәтижені ынталандыру жүйесін құру.
- Адамгершілік пен саламатты өмір салтының негізін қалыптастыру.
- Азаматтық пен отансүйгіштікті, Отанға деген сүйіспеншілікті, мемлекеттік рәміздер мен ұлт дәстүріне деген құрметті тәрбиелеу.
- Педагогикалық ұжым қызметінің негізгі бағыттары, мазмұны мен нысандары нормативтік құжаттармен регламенттелді:
- «Білім туралы» ҚР Заңымен;
- Жалпы білім беретін ұйым түрлері (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) бойынша қызметтің үлгілік қағидаларымен;
- Мектеп жарғысымен;
- білім басқармасы органдарының нормативтік құжаттарымен;
- мектептің 2023/2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарымен;
- 2023/2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен.

- өздігімен білім алу жүйесі арқылы педагогтердің кәсіби біліктілігін дамыту, ғылыми-зерттеу мәдениетін көтеру;
- педагогтер мен оқушылардың өсуі мен ілгерілеуіне қол жеткізуде жаңашылдық пен ынталандырғыш ретінде педагогтерді аттестаттау;
- оқудағы ықпалдастық арқылы пәнаралық байланысты кеңейту;
- педагогтердің ғылыми-әдістемелік қызметіне мониторинг.

Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру

Оқу жылының басында оқытушыларға тарифтеу жүргізілді, мектеп курсына алған білім деңгейін анықтау мақсатында оқушылардың жеке істері талданды, сабақ, факультатив пен үйірме сабақтарының кестесі жасалды.

Мұғалімдермен әдістемелік жиналыс пен педагогикалық кеңес өткізу осы бағыттағы жұмыстың әсерлі нысандарының біріне жатады.

Жалпы білім беру жұмысын ұйымдастыру ұйымдасқан түрде әрі бекітілген жоспар бойынша жүзеге асырылды. Тұрақты сабақ кестесі уақтылы, СанЕН тиісті талаптарын ұстана отырып жасалды. Әдістемелік кеңес отырыстарында қажетті әрі маңызды мәселелер қарастырылды, білім беру процесінің сапалық көрсеткіштері оның шешіміне байланысты еді.

Барлық мұғалім курстық даярлықтан уақтылы өтті.

Педагогтер біліктілігі

№	«Педагог-шебер» біліктілік санаты	«Педагог-зерттеуші» біліктілік санаты	«Педагог-сарапшы» біліктілік санаты	«Педагог-модератор» біліктілік санаты	«Педагог» біліктілік санаты	Санаты жоқ
	1	2	14	10	3	3

Педагогикалық өтіл

№	3 жылға дейін	3-тен 15 жылға дейін	16-дан 25 жылға дейін	25 жылдан астам
1	0	9	17	12

Жалпы орта білім беретін мектептегі педагогтерінің жалпы санынан педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, педагог-модератор, педагог қызметкерлердің үлесі – 80%-ды құрап отыр. Мектеп педагогикалық ұжымында 20 жылдан астам еңбек өтілі бар мұғалімдердің үлесі – 60%-ды құрайды.

Мектеп мына режимде жұмыс істеді:

- мектепалды даярлық, 1–11 сыныптары – 5 күндік жұмыс аптасы;

Оқу жылында мектепте апта сайын кезекші сыныптар және мұғалімдер, апта күндері бойынша кезекші әкімшілік жұмыс істеді.

Сабақтың басталуы:

- 1-ауысым – 08:00-ден;
- 2-ауысым – 13.20-дан.

Сабақ ұзақтығы – 45 минут.

Бір күндік не апталық оқу тәртібі мектеп директоры бекіткен сабақ кестесімен айқындалды.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2-11 (12)- сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

Білім алушылардың контингенті

	Білім алушылардың саны			
	Бастауыш	Негізгі орта	Орта (толық)	Жалпы білім беретін мектеп

	2021- 2022	2022- 2023	2023- 2024	2021- 2022	2022- 2023	2023- 2024	2021- 2022	2022- 2023	2023- 2024	2021- 2022	2022- 2023	2023- 2024
Жалпы оқушылар саны	150	158	142	141	133	150	20	21	29	311	312	321
Жалпы сынып саны	8	8	8	10	10	10	3	3	4	21	21	22

Мектептің негізгі міндеті: мектеп жасындағы барлық балалардың негізгі тегін білім алу және аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету конституциялық құқығын іске асыру үшін жағдай жасау.

Мүгедек балалар мен ЗІП балаларын әлеуметтік қорғау.

2023-2024 оқу жылында мектепте мүмкіндігі шектеулі 1 бала оқиды:

ҮО -1 оқушы

Оқу процесін мектепшілік бақылау

Бақылау мақсаты: мектептегі оқу-тәрбие процесінің жай-күйі туралы толық әрі жан-жақты ақпарат алу, педагогикалық процесс барысына түзетулер енгізу.

Міндеттері:

- мемлекеттік бағдарламаның орындалуын жүйелі түрде тексеру;
- оқу пәндерінің оқыту сапасын, әдістемелік жұмысты жүйелі бақылау;
- оқушылардың білімді меңгеру процесін, олардың даму деңгейін кезеңдік, ағымдық бақылау;
- Оқу-тәрбие процесіне көмек көрсету;
- мұғалімдердің жұмыс тәжірибесін зерттеу әрі жалпылау;
- барлық жоспардың орындалуын тұрақты тексеру және мектепте қабылданған шешімнің бәрін орындау;
- мектепте тәрбие жұмысының жүргізілуін бақылау.

Жаппай оқытудың орындалуын бақылау

Мақсаты:

- оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау;
- оқуға жайлы жағдай жасау.

Мектепте оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау мен жұмыс жүйесі қалыптасты: бірінші және соңғы сабақта күнделікті бақылау, күнделікті және апта сайын есеп беру. Сабаққа жақсы қатысу оқу үлгерімін де көтереді. Маңызды себепсіз сабаққа қатыспаудан туындайтын мәселелер уақтылы шешілді.

Мектепте оқушылар жұмыс істеуі үшін СанЕН талаптарына сәйкес санитарлық-гигиеналық, педагогикалық, психологиялық шарттар сақталды. Жылу, жарық режимі сақталады. Сабақ кестесі мен оқушылар жүктемесі қалыпты. ҚТ журналдары үнемі тексеріледі, ескерту жоқ. Көпбалалы және аз қамтылған отбасылармен жұмыс жүргізіледі.

Мұғалімдердің оқушылардың дәптерлерімен жұмысын бақылау

Мақсаты: дәптердің болуын, бірыңғай орфографиялық режимнің, сабақтағы жұмыс көлемінің сақталуын тексеру.

Тексеру нәтижесі бойынша анықтама жасалды. Дәптерді тексеру нормасы мен сабақтағы жұмыс көлемі негізі талапқа сай, көп оқушы орфографиялық режимді сақтайды. Кері байланыс үнемі жасала бермейді.

Ұсынымдар:

- директордың ОТІ жөніндегі орынбасары жүйелі түрде дәптерлерді тексерсін, барлық мұғалім бірыңғай талаптың сақталуына қол жеткізуі тиіс;
- оқытушылар оқушылардың дәптермен жұмысына талапшыл болсын.

Оқу пәндерін оқыту сапасын бақылау

Мақсаты: пәндер оқушылардың оқу сапасын бақылау, оқу бағдарламаларын орындау.

Тексеру қорытындысы бойынша анықтама жасалып, жиналыстарда талдау өткізілді.

Биыл сабаққа қатысу әрі талдау арқылы мына мәселелер бақыланды:

- сабақтың тәрбиелік бағыты;
- оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру;
- оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- оқу әдістерін ұтымды қолдану;
- сабақты мотивациялық қамтамасыз ету.

Сабақты талдау барысында ұсыныстар мен ұсынымдар жасалды. Жалпы оқытушылар сабақты өткізуге жауапкершілікпен қарайды, кәсіби деңгейін көтеруге тырысады, оқушылармен жұмыстың түрлі нысандары мен әдістерін қолданады, бұл ретте жаңа педагогикалық технология элементтерін, соның ішінде АКТ-ны қолданады.

Барлық мұғалім пән бойынша жетілдіру курстарынан өтті.

Ұсынымдар:

- оқытушылар қызметін өзіндік талдау дағдысының деңгейін көтеру;
- сабақ өткізу нысандарын түрлендіру;
- жаңа педагогикалық технология элементтерін белсенді енгізу, сабақта АКТ қолдану;
- ӘБ арқылы озық тәжірибені жинақтау және жалпылау жұмысын бақылау.

Оқушылардың БДМ бақылау

Мақсаты:

- оқушылардың БДМ деңгейін, мұғалімдердің білім сапасын арттыру жұмысын бақылау;
- білім сапасын көтеруге кері әсер ететін факторларды анықтау.

Білім сапасын бақылау әрі мониторинг жүргізу:

- әкімшілік;
- аралық;
- жыл ішіндегі қорытынды;
- бақылау, практикалық зертханалық жұмыстар кестесін орындау;
- қорытынды аттестаттау.

Әр бақылау түрінің қорытындысы бойынша анықтама жасалып, жұмыс жиналыстары мен педкеңестер өткізілді.

Тұжырымдар. Негізінен 2023/2024 оқу жылына белгіленген мақсаттан орындалды. Оқу үлгерімі – 100 %, сапасы 47%

Ұсынымдар:

- мұғалімдер оқу үлгерімі төмен және оқуға ынтасы жоқ оқушылармен жеке жұмыс нысандарын жетілдірсін;
- ӘБ жұмыс жоспарына пәндер бойынша білім сапасына мониторинг жүргізу мәселелерін енгізсін.

Оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс

Мақсаты:

- білімдегі кемшіліктерді жою бойынша жеке жұмысты бақылау;
- кеңес беру, оқытушылар жұмысы, сабаққа қатысу бойынша оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты тексеру;
- бір жылда үлгермейтін оқушыларды анықтау, үлгермеушілік себебін талдау.

Оқу үлгерімі төмен оқушылар алғашқы бақылаудан кейін (мектеп курсындағы бақылау срездері) анықталады, жиналыстар мен педкеңестерде мына мәселелер талқыланады: сабақтағы жеке жұмыс арқылы кемшілікті жою, білім алушылардың ата-аналарымен байланыс, танымдық қызметке ынтаны арттыру туралы.

Үлгермеушіліктің себептері: интеллектінің әлсіз дамуы, нашар жады, баланың психикалық және эмоционалды даму ерекшеліктері, танымдық қызығушылықтың болмауы және оқуға деген төмен ынта, білімдегі кемшілік, оқу еңегі дағдысы дамымаған, мектептен тыс ортаның кері әсері (отбасы, құрдастары).

Пән мұғалімдері сабақта оқытудың сараланған тәсілін қолдана отырып, оқу үлгерімі төмен оқушылармен жеке жоспар бойынша жұмыс істейді.

Тұжырымдар. Оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі, мұғалімдер үлгермеушіліктің алдын алады, оның себебін анықтап, оқушыларға кемшіліктерді жоюға көмектеседі.

Ұсынымдар. Үлгерімі төмен оқушының мінездемесін жасап, себебін анықтап, осы оқушыларға табысқа жету жолын белгілеп, «оқушы – мұғалім – ата-ана» байланысында жұмыс істеу керек.

«Kundelik.kz» электрондық журналымен жұмысты талдау

«Kundelik.kz» электрондық журналының енгізілуі талапқа толық сай. ЭЖ жүргізу туралы ережеге сәйкес пән мұғалімдері сабаққа келмегендерді белгілеп, оқушыларға баға қойып, оқушыларға ұсынымдар мен пікірлер жазып, сабақ жоспары мен үй тапсырмасының жазбасын жүргізуі тиіс.

Журналды тексеру барысында мұғалімдер жұмысындағы мына кемшіліктер анықталды: кей мұғалімдерде оқушылардан сұрау жүйесі қалыптаспаған; кей мұғалімдер сабақ күні мен тақырыбын уақтылы жазбайды және т. б. Анықталған кемшіліктер уақытында жойылып отырды.

Ата-аналармен жұмысты талдау

Мектепте ата-аналармен жұмыстың негізгі нысанына ата-аналар жиналысы (сыныптық және жалпымектептік), сынып жетекшілері мен мектеп әкімшілігінің ата-аналарымен жеке әңгімелесу жатады. Өткен оқу жылы ата-аналар жиналысы төрт рет өткізілді: қыргүйекте – ұйымдастырушылық, желтоқсанда – бірінші жартыжылдықты қорытындылау, ақпан – қорытынды аттестаттау ерекшеліктері, мамыр – оқу жылын аяқтау қорытындысы (ақпан, сәуір – бітіруші сынып оқушыларының ата-аналары үшін жалпымектептік жиналыс).

9, 11-ші сынып оқушыларының ата-аналарымен жиналыс өткізу маңызды әрі аса қажет, мұнда мектеп әкімшілігі ата-аналарға балаларының білімін жалғастыру жолына бағыт береді. Сонымен бірге ата-аналар оларға негізгі және жалпы орта білім туралы аттестат алу талаптарын түсіндірді.

Ата-аналар жиналысы сынып жетекшілерінің оқушылардың ата-анасымен жақсы жұмыс істегенін көрсетті. Мектепте оқу үлгерімі төмен және бағдарламаны түсінбейтін оқушылардың ата-аналарымен үздіксіз жұмыс жүргізіледі. Сондай-ақ бұл жұмыс сынып жетекшілерімен және мектеп әкімшілігімен әңгімелесу түрінде өткізіледі. Сондай –ақ биылғы оқу жылында мектепте «»

2021/2022 оқу жылындағы міндеттер

Мектептің педагогикалық ұжымының нақты мүмкіндіктерін ескере отырып, мәселелерді педагогикалық талдаудың негізінде мектептің педагогикалық ұжымы жаңа оқу жылына арналған міндеттерді айқындады:

- инновациялық технологияны әзірлеу мен меңгеруді, Мектептің даму жоспарын іске асыруды қамтамасыз ету үшін тиісті жағдай (ұйымдастырушылық, кадрлық, материалдық-техникалық, мотивациялық, нормативтік құқықтық) жасауды жалғастыру;
- әр оқушының сәтті оқуына жайлы жағдай жасау жұмысын жетілдіру;
- барлық пән бойынша оқу деңгейі мен 100 пайыз оқу үлгерімін сақтау;
- білім сапасын көтеру жұмысын жалғастыру;
- сапалы мектептік білім мазмұнымен жұмысты жалғастыру;
- мұғалімдердің кәсіби шеберлік деңгейін жетілдіру;
- сабақта жаңа білімді меңгеру жұмысында оқушылармен құзыретті әрі жүйелі-қызметтік тұрғыда тіл табысу;
- сабақта және сабақтан тыс уақытта білім беру технологияларын белсенді енгізу және алуан түрлі жобалық әрі зерттеу қызметін ұйымдастыру арқылы ынталы балалармен жұмыс жүйесін жетілдіру.

Оқу қызметінің нәтижелерін талдау. Мониторинг.

Жыл сайын мектеп өз алдына "Үлгерімнің жоғары нәтижелерін алу үшін мектепте бірыңғай оқу-тәрбие кеңістігін құру" мақсаты қойылады.

Ол үшін мектепте мұғалім деңгейінде де, әкімшілік деңгейінде де білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейін өлшеушілер банкі жинақтау бойынша жұмыс жалғастырылды. Бірнеше жылдар бойы статистикалық талдау әдістері қолданылады, мониторингтер жасалады. Оқу жетістіктерінің деңгейі пәндер бойынша да, сыныптар бойынша да оқушылардың білім сапасы мен деңгейінің динамикасын бақылауға мүмкіндік беретін мониторингтерге қалыптасады.

Мониторинг барлық пәндер бойынша білім сапасының жоғарылауын көрсетеді. Пән мұғалімдері оқушылардың білім сапасын арттыруға барынша күш салды. Қашықтықтан оқытудан кейін оқушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша жұмыс жүргізілді.

2023/2024 оқу жылы бойынша білім сапасының көрсеткіші

Сыныптар	Оқушы саны	Үздіктер	Екпінділер	Білім сапасы
1 «А»	20			
1 «Б»	6			
2 «А»	15	4	9	87%
2 «Б»	18	2	4	33%
3 «А»	17	4	8	71%
3 «Б»	23	0	7	30%
4 «А»	19	4	8	63%
4 «Б»	24	4	7	46%
Барлығы 1-4 сыныптар	142	18	43	53%
5 «А»	27	6	8	52%

5 «Б»	14	1	4	36%
6 «А»	19	3	6	47%
6 «Б»	7	0	3	43%
7 «А»	15	0	3	20%
7 «Б»	11	0	3	27%
8 «А»	13	0	7	58%
8 «Б»	13	0	6	46%
9 «А»	25	0	8	32%
9 «Б»	6	0	3	50%
Барлығы 5-9 сыныптар	150	10	51	41%
10 «А»	9	1	6	78%
10 «Б»	6	0	3	50%
11 «А»	8	3	3	75%
11 «Б»	6	0	0	0%
Барлығы 10-11 сыныптар	29	4	12	55%
Мектеп бойынша оқушылар саны	321	32	106	47%

Оқу үлгерімін салыстырмалы талдау

2021-2022 оқу жылы			2022-2023 оқу жылы			2023-2024 оқу жылы		
Сыныптар	Білім сапасы	Үлгерімі	Сыныптар	Білімі	Үлгерімі	Сыныптар	Білімі	Үлгерімі

2-4 сыныптар	68%	100%	2-4 сыныптар	60%	100%	2-4 сыныптар	53 %	100 %
5-9 сыныптар	39%	100%	5-9 сыныптар	43%	100%	5-9 сыныптар	41 %	100 %
10-11 сыныптар	65%	100%	10-11 сыныптар	38%	100%	10-11 сыныптар	55 %	100 %

Жыл бойынша мониторинг қорытындысы:

Үздіктер			Екпінділер		
2021-2022	2022-2023	2023-2024	2021-2022	2022-2023	2023-2024
39	35	32	106	105	106

Оқыту сапасы:

Оқу жылы	2021 - 2022	2022 - 2023	2023 - 2024
Оқыту сапасы	53%	51%	47%

9 қазақ сыныбы	Қазақ тілі	12	5	4	3	75 %	Оқушылар жыл бойы жинаған білімдерін дәлелдеді
	Математика	12	2	4	6	50 %	
	Орыс тілі мен әдебиет	12	5	5	2	83 %	
	Қазақстан тарихы	2		2		100 %	
	Физика	5	2	2	1	80 %	
	Биология	4		2	2	50 %	
	Ағылшын тілі	1	1			100 %	
9 орыс сыныбы	Орыс тілі	11		5	6	45%	Оқушылар жыл бойы жинаған білімдерін дәлелдеді
	Математика	11		1	10	9%	
	Қазақ тілі мен әдебиет	11		7	4	63%	
	Биология	10		7	3	70%	
	Информатика	1			1	0%	

2022-2023 оқу жылындағы «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы білім бөлімі бойынша Майлан ауылының Б.Жахин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бойынша 11-сыныптағы бітіру емтихандарының қорытындысы.

Сынып	Пәні	Білім алушылар саны	«5»	«4»	«3»	Білімі	Талдау
11 «А» қаз	Қазақ тілі	6	3	3		100	«Үздік аттестат» үміткерлер білімдерін дәлелдеді
	Алгебра және анализ бастамалары	6	2	2	2	66	Оқушылар жыл бойы жинаған білімдерін дәлелдеді
	Қазақстан тарихы	6	3	2	1	83	Оқушылар жыл бойы жинаған білімдерін дәлелдеді
	Орыс тілі мен	6	3	3		100	Оқушылар жыл

	әдебиет						бойы жинаған білімдерін дәлелдеді
	Физика	6	1	3	2	66	

Қорытынды аттестаттау нәтижелерін талдау 9, 11 сынып оқушыларының білім сапасы мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес келеді, мектептегі оқу процесі қанағаттанарлық, тапсырылатын пәндер бойынша дайындық деңгейі тұрақты деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бірақ аттестаттау іс-шаралары мұғалімдердің жұмысында белгілі бір кемшіліктерді көрсетті. Олар, ең алдымен, оқушыларды тану және дамыту құралы ретінде оқу дағдыларын қалыптастырумен байланысты. Ауызша жауапта жиі кездесетін кемшіліктер мен дәлсіздіктер оқушылардың талдау, салыстыру, қорытынды жасау, білімді жаңа жағдайларға ауыстыру, өмірлік тәжірибелерін пайдалану қабілетінің қалыптаспауымен байланысты.

Жылдық және емтихан бағаларының қорытындысы бойынша 9-11 сынып оқушылары "Алтын белгі" және "Үздік аттестат" төсбелгісін алды:

	2020-2021	2021-2022	2022-2023
«Алтын белгі»	0	2	1
«Үздік аттестат» 9 сынып	6	2	2
«Үздік аттестат»	1	-	1

11 сынып			
----------	--	--	--

Олимпиадалар мен конкурстар

Оқу жылы ішінде мұғалімдер конкурстар мен олимпиадаларға қатысу үшін оқушыларды тарту бойынша үлкен жұмыс жүргізді.

2021-2023 оқу жылындағы оқушылар жетістіктерінің салыстырмалы мониторингісі

Байқаулар, олимпиадалар және т.б. атаулары	Жұлделі орындар мен жеңімпаздар саны		
	2020-2021	2021-2022	2022-2023
Аудандық деңгей	11	12	10
Облыстық деңгей	2	1	2
Республикалық деңгей	0	0	1
Халықаралық деңгей	0	0	0
ЖАЛПЫ	13	13	12

Қорытындылар: талдау көрсеткендей, дарынды балаларды анықтау әлі де қиын мәселе болып табылады, дегенмен пән мұғалімдері оқушылардың шығармашылығын дамыту жұмыстарын қадағалайды. Факультативтер мен үйірмелердің жұмысы мұғалімдер өздері құрастырған күнтізбелік тақырыптық жоспар бойынша өткізіледі және соған сәйкес қысқа мерзімді жоспарды әзірлейді.

Мектеп түлектерінің әлеуметтену деңгейін талдау

2022– 2023 оқу жылында небәрі 29 түлек болды. Оның ішінде: 23 түлек орта жалпы білім беру сатысын аяқтады. 9-сыныптың 23 түлегі оның ішінде 14 оқушы 10-сыныпта оқуды таңдады. 9 түлек өздері үшін орта кәсіптік білім беретін мекемелерді таңдады.

Жұмысқа орналастыру бойынша мәліметтер төмендегі кестеде келтірілген:

Жыл	9-сынып бітірушілер інің саны	10-сыныпта оқуын жалғастырған бітірушілер саны	Кәсіптік мекемелерде оқуын жалғастырған бітірушілер саны	Сырттай оқытуға ауыстырылды	Басқасы
2020-2021	28	5	23	-	-
2021-2022	32	13	19	-	-
2022-2023	23	14	9	-	-

Жыл	11-сынып бітірушілерінің саны	ЖОО-да оқуын жалғастырған бітірушілер саны	Орта кәсіптік оқу орындарда оқуын жалғастырған бітірушілер саны	Оқуды жалғастырмайды (себебін көрсету)
2020-2021	5	1	4	-

2021-2022	14	4	10	-
2022-2023	6	6	-	-

Жоғары және орта кәсіптік оқу орындарында түлектердің білім алуын табысты жалғастыруға оқу жылы ішінде жоғары оқу орындарына болашақ талапкерлерді даярлау бойынша 10-11 сыныптарда бейіндік оқыту жүйесі (педагогтерге арналған мастер – класстар, кәсіптік бағдарлау бойынша сыныптық сағаттар мен сыныптан тыс іс-шаралар өткізу, емтиханға дайындалу үшін таратылатын баспа материалдары, жоғары оқу орындарына болашақ талапкерлерді даярлау бойынша оқу орындары өкілдерінің кәсіптік бағдар беру жұмысы) қанағаттанарлық деңгейде жүргізілді. Бұл мәселелерге жаңа оқу жылында тиісті көңіл бөлінетін болады.

Білім беру ұйымының инновациялық әлеуетін бағалау

Мектептің білім беру жүйесін дамыту әлеуетін анықтау үшін оның күшті және әлсіз жақтарын (ішкі факторларды), оның дамуының перспективалық мүмкіндіктері мен тәуекелдерін (сыртқы факторларды) анықтауға мүмкіндік беретін талдау жүргізілді.

2.1. МЕКТЕПТІҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЛАРЫНА ТАЛДАУ, SWOT-ТАЛДАУ.

SWOT талдау	
<p>Күшті жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Мектептің орналасқан аумағы; -Мұғалімдердің сапалық құрамының артуы, 71% ; -Ата-ана-Мектеп-Оқушы “Үштік қоғамының” белсенді қарым-қатынасы; -Дарынды оқушылардың артуы, жетістікке жетуі. -Барлық мұғалімнің өз кәсіби дамуында 	<p>Әлсіз жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Оқушы контингентінің шамадан тыс артуы; -Мектептің материалдық-техникалық базасының жабдықталуы, модификациялық оқу кабинеттерінің аздығы; -Мектептің озат мұғалімдері өз практикаларында инновациялық технологияны пайдаланғанымен, ғылыми тұрғыдан негіздей алмауы; - Оқушылардың сабаққа мотивациясының төмендеуі.

цифрлыққұзыреттілігін тиімді пайдалана алуы.	
Мүмкіндіктер:	Қауіп-қатер:
-Талантты және дарынды оқушылардың жетістікке жетуі; -Мұғалімдердің инновациялық педагогикалық технологияны оқу-тәрбие үрдісіне ендіре алуы; -Дарынды оқушылардың облыстық, республикалық деңгейге көтеріле алуы.	-Мұғалімдердің оқушылармен оқыту және оқу бойынша кеңеспей, олардың қажеттіліктерін ескермеуі; -Оқушылардың әлеуметтік жағдайы; -Жекеленген мұғалімдердің инновациялық технологияны таңдауда, қиындықтарға тап болуы; -Көпұлтты ортадағы оқушылардың тәрбие жүйесіне алаңдаушылық .

Кадрлық құрам

Оқу жылдары	Жалпы педагогтар саны	Оның ішінде		Санаты бойынша							
		жоғары	орта	шебер	зерттеуші	жоғары	сарапшы	бірінші	модератор	екінші	педагог
2023-2024	38	38	2	1	2	-	13	1	11	-	10

Мектепте барлығы - 38 мұғалім, оның ішінде жоғары білімі бар - 95 (%), орта білімі бар -2 (1,4%) мұғалім. Мектепте 2 педагогтің «Магистр» академиялық дәрежесі бар. Ол 5% -ды құрайды

Педагог кадрларды курстық даярлау

Білім беру саласындағы негізгі стратегияларының бірі ретінде қолда бар кәсіби білімді тереңдету және жетілдіру, кәсіби қызметтің сапасын арттыру мақсатында педагогтардың біліктілігін ұдайы арттыру айқындалады.

Біліктілікті арттыру-педагогтің кәсіби-жеке дамуын қамтамасыз ететін және оның кәсіби қасиеттері мен қабілеттерін жақсартатын негізгі фактор. Қазіргі таңда педагог үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруы тиіс. Соңғы үш жылды салыстырып қарайтын болсақ көрсеткіш төмендегідей.

Курс атауы	Курстан өткен педагогтар саны		
	2020 - 2021	2021-2022	2022-2023
Барлық педагогтар саны	37	38	38
Пәндік құзыреттілік	3	14	7
Білім саласындағы менеджмент	-	-	-
Курстан өткен педагогтар саны	3	14	7

Жыл сайын перспективті жоспарға сай пән мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында педагогтер біліктілікті арттыру курстарынан өтуде. Алдағы жылдарда да перспективалық жоспарға сай пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өтуін ұйымдастыру жұмысы жалғаса береді.

Мектепте бойынша министрлікпен бекітілген конкурстар мен жарыстардың соңғы үш жылдағы қалалық, облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарын және республикалық, халықаралық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтердың соңғы 3 жылдық көрсеткіші.

Оқуға ынталы оқушылармен жұмыс қорытындылары

Әр деңгейлі конкурса қатысу мектептің даму ресурсына жатады: білім беру процесіне қатысушының тұлғалық өсуге, табысқа жетуге деген ынтасын арттыру мақсатында мектептен республикалық деңгейге дейін.

2023/2024 оқу жылында пән бойынша мектеп деңгейінде олимпиада өткізілді. 7-ден 11-ші сыныпқа дейін барлығы 78 оқушы қатысты. Мектептік кезеңнің нәтижесі бойынша олимпиада тапсырмасының 80 %-дан астамын орындаған білім алушылар пән олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысты.

Биылғы оқу жылы республикалық, аудандық олимпиада мен конкурса қатысушылар саны __ адамды құрады. Мектеп ОҒҚ, «Ақбота», «Русский медвежонок» ҚИО пән олимпиадалары мен конкурстарына қатысты. Ынталы әрі дарынды оқушылармен жұмыстың нәтижесінде олар конкурстарда жеңіске жетті.

Тұжырымдар. Биылғы оқу жылы жеңімпаздар мен жүлдегерлер саны аз, бірақ пән мұғалімдерінің белсенділігі мен білім алушылардың танымдық қызметке деген жоғары ынтасының арқасын арта түсті.

Оқушылардың 2023/2024 оқу жылы конкурстарға, олимпиадаларға, интеллектуалдық ойындарға, іс-шараларға қатысу нәтижелері

№	Іс-шара атауы	Қатысушы оқушы	Сыныбы	Жетекшісі	Алған орны
	«Зерде» ХІХ республикалық зерттеу жобалары байқауы облыстық кезең	Иманшапих Олжас	7	Биекенова Гаухар Ордабавна	I
2	Республикалық «Алтын сақа» олимпиадасының облыстық кезеңі	Жилин Денис	4	Попок Галина Анатольевна	II
3	Республикалық «Алтын сақа» олимпиадасының облыстық кезеңі	Ширяев Николай	3	Сухоногова Светлана Михайловна	I

4	«Ауыл олимпиадасы» облыстық кезең	Бекмуратқызы Нұржібек	10	Шаймұрат Нұрқанат	II
5	«Зерде» XIX республикалық зерттеу жобалары байқауы республикалық кезең	Иманшапих Олжас	7	Биекенова Гауар Ордабавна	грамота
6	Республикалық «Мың бала» ұлттық олимпиадасының II кезеңі	Шадрин Тихон	6	Гулицкая Ирина Леонидовна Баетова Марина Сапарбековна Дюсембина Бактыгуль Айтпаевна Текебаева Анара Кайдаровна Попова Ольга Валерьевна	-

Майлан ауылы Балабек Жахин атындағы ЖОББМ

Аудандық байқауларға қатысушылар туралы мәлімет

№	Іс-шара атауы	Қатысушы оқушы	Сыныбы	Жетекшісі	Алға
---	---------------	----------------	--------	-----------	------

					н орны
1	7-8 сынып оқушылары арасында ауданда өткізілген географиядан Ұлттық Олимпиада	Еркін Нүрәлі	8	Амангельдинова Алтынгүль Тулбаевна	I
2	7-8 сынып оқушылары арасында ауданда өткізілген географиядан Ұлттық Олимпиада	Ғалымжан Санжар	8	Амангельдинова Алтынгүль Тулбаевна	II
3	10-11 сынып оқушыларына арналған «Алтын түлек» олимпиадасы	Айтчанов Нурсат	10	Баетова Марина Сапарбековна	III
4	Республикалық «Ақберен» өнер байқауының аудандық кезеңінен «Эссе» номинациясы	Өмірәлі Гүлхан	9	Орынбасарова Айгул Аманкельдиевна	III
5	Республикалық «Ақберен» өнер байқауының аудандық кезеңінен «Ақындар тобы» номинациясы	Шаймұрат Күнся	9	Орынбасарова Айгул Аманкельдиевна	III
6	«IQanat» («Айқанат») республикалық олимпиадасының аудандық кезеңі	Айтпаева Айтолқын Ғалымжан Санжар Хайрат Рамазан	8	Улыхпан Бердыгул	I
7	«IQanat» («Айқанат»)	Асемсеитов Максат	8	Мухатаева Шолпан	I

	республикалық олимпиадасының аудандық кезеңі			Жумабаевна	
8	Республикалық «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңі	Жилин Денис	4	Попок Галина Анатольевна	I
		Ширяев Николай	3	Сухоногова Светлана Михайловна	I
		Лиденман Антон	3		III
		Аманжолқызы Айзере	3	Нуркеева Кенжеайым Абубакировна	грам ота
		Айтпаев Бекарыс	5	Улыхпан Бердыгул	I
9	Аудандық «Абай оқулары» байқауы	Шаймұрат Күнсая	9	Орынбасарова Айгул Аманкельдиевна	III
10		Асемсеитов Максат	8	Дюсембина Бактыгуль Айтпаевна	III
11	Аудандық «Махамбет оқулары» байқауы	Мүдәліп Нұрдәулет	9	Орынбасарова Айгул Аманкельдиевна	III
12	Аудандық «Абай оқулары» байқауы	Сұлтанхамит Гүлназ	4	Тлеулесова Динара Қайырбековна	II
13	Ғылыми жобалар байқауы	Хамитова Жансая	9	Алтыбаева Жанна Аманжоловна	III
14	5-6 сыныптарға арналған аудандық пәндік олимпиада	Қайырбек Ақжарқын (орыс тілі)	6	Алтыбаева Жанна Аманжоловна	I
		Ширяева Дарья (орыс тілі)	6	Гулицкая Ирина Леонидовна	III
		Ерболат Аяжан (ағылшын тілі)	6	Каппасова Макпал Ерболовна	грам ота

15	7-8 сыныптарға арналған аудандық пәндік олимпиада	Манатов Жалгас	8	Алтыбаева Жанна Аманжоловна	II
16	«Намыс» спартакиядасы «Мерген» аудандық сайысы	Командалық сайыс	9-11	Мухатаев Жанат Кайырбекович	I
17	«Намыс» спартакиядасы «Снайпер» аудандық сайысы	Бринзей Марина	10		I
18	«Намыс» спартакиядасы аясында «Отан қорғаушы» әскери-спорттық шара	Командалық сайыс	9-11		II
19	Аудандық шахмат ойнынан	Командалық сайыс	9-11	Бургумбаев Танат Абаевич	III
20	Аудандық футбол ойнынан	Командалық сайыс	9-11	Толейбергенов Мереке Касымбекович	III
21	Аудандық ДЗЮДО күресінен	Айтчанова Жанель	6	Толейбергенов Мереке Касымбекович	I
		Ерболат Жанбота	6		III
Роман Ибрахим	5	Мельникова Кристина	III		
Мельникова Кристина	5				
Мусина Данеля	6				
Касымбекова Малика	4				
Сеитов Ислам	4				
Касымбеков Дархан	4				
Әдебиет Оспан	6				

22	Республикалық ДЗЮДО күресінен	Төлеу Ерасыл	6	Төлейбергенов Мереке Касымбекович	II
		Мельникова Кристина	5		III
23	«Ауыл олимпиадасы» өңірлік кезең	Аманжолқызы	10	Шаймұрат Нұрқанат	
		Айғаным			
		Бекмуратқызы	10		
		Нұржібек			
		Тозик Роман	11	Ощепкова Елена Николаевна	
24	Аудандық «Дебат» турнирі	Өмірәлі Гүлхан	9	Биекенова Гаухар Ордабаевна	I
		Шаймұрат Күнсая	9		I
		Иманшапих Олжас	7		III
		Мадет Мангілік	7		III

2023-2024 оқу жылында мұғалімдердің жетістіктері

№	Іс-шара атауы	Қатысушы педагог	Марапаты
1.	«Ғылым және Білім Ұлттық Зияткерлік Әлеуеті» атты III Республикалық педагогикалық форумда баяндама жасаған	Попова Ольга Валерьевна	сертификат
2.	Халықаралық фестиваль «HRO.NRG fest» проект «Химический леги-конструктор»(облыстық)	Попова Ольга Валерьевна	мадақтама
3.	Ақмола облысы білім басқармасының	Тлеулесова Динара	сертификат

	әдістемелік орталығы Педагог-шеберлердің үздік тәжірибелерін облыстық деңгейде таратқаны үшін	Кайырбековна	
--	---	--------------	--